**1992 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге алу және жастарды әскери қызметке шақыруға дайындау туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 12-29 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Қарасай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 6 қаңтарда N 2-11-61 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 12-42 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 12-42 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы " Заңының 3-тармағының 17-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 Қаулысына сәйкес 1992 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге алуды уақтылы және сапалы жүргізу, сондай-ақ жастарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да жасақтарға және әскери қалыптасуларға, әскери қызметке шақыруға дайындық жұмыстарын жақсарту мақсатында аудан әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2009 жылғы қаңтар-наурыз айларында, 1992 жылы туылған, сондай–ақ бұдан бұрын тіркеуге алынбаған жасы ұлғайған азаматтар шақыру учаскесіне тіркеу жүргізілсін.

2. алынып тасталды - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

3. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74-III "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 3 тарау 17 бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері, ұйымдардың басшылары жыл сайын Қарасай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне тіркелуге жататын 1992 жылы туылған әскер жасына дейінгі азаматтардың тізімін берсін.

4. алынып тасталды - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

5. Қарасай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы М.Ә.Желеуов және Мемлекеттік қазыналық аудандық орталық аурухана кәсіпорнының бас дәрігері Л.Қ. Бердібековпен бірлесіп емдеу сауықтыру жұмыстарының жоспарын және тіркеуге алынатын азаматтарды медициналық

куәләндіру шараларын өткізу кестесін әзірлеп, оны тікелей орындаушыға 2-қосымшаға сәйкес жеткізілсін.

6. Мемлекеттік қазыналық аудандық орталық аурухана кәсіпорнының бас дәрігері Л.Қ.Бердібеков:

1) алынып тасталды - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

2) шақырылушыларды уақытылы дәрігерлік іріктеу әдістемелік нұсқаулықтардың талаптарына сай қамтамасыз етсін.

3) алынып тасталды - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

4) қорғаныс істері жөніндегі бөлімге диспансерлік есепте тұратын шақырушылардың тізімі берілсін.

5) жүйке, тері, венерология, жұқпалы және туберкулез ауруларымен ауыратын шақырушылардың тізімін берсін.

6) алынып тасталды - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

7) алынып тасталды - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

8) алынып тасталды - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

9) мерзімді әскери қызметке шақырушыларды комиссиядан өткеннен кейін анықталған емдеуді қажет ететін әскер жасындағы азаматтарды тізімге алу кезеңіне дейін аудан аумағындағы ауруханаларда жатып емделуге жіберілсін.

10) диспансерлік есепте тұрған азаматтардың жеке картасы қосылған парақтар мен (25 у және 0,25-1 ю үлгі) міндетті түрде белгі соға отырып, жасалуға тиісті егулерді әсіресе тырысқақ, дифтерияға қарсы уақытын,вакцина нөмірін көрсете отырып және жүйке, тері, венерология, жұқпалы аурулары және туберкулез жөнінен-есепте тұрған шақырушылардың тізімін берсін.

Ескерту. 6-10) тармақшасына өзгерту енгізілді - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

9. Медициналық комиссиядан өткен азаматтар тіркеу жөніндегі комиссияның шешімімен әскерге шақырушылардың әскери есебіне алынады, ал әскери-дәрігерлік комиссиясының шешімімен әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтар әскери есепке алынбайды.

10. Аудандық білім беру және спорт бөлімінің бастығы Ұ.А. Бархинова қала және ауылдық аумақтардың әкімдері, мекеме басшылары:

1) Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының талабы бойынша 1992 жылы туылған жасөспірімдерді және бұрын шақыру учаскелерінен өтпегендердің

тізімін берсін, сол сияқты тізім жүргізетін жерге уақытында белгіленген кесте бойынша жабдықталған автокөлікпен жеткізуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 10-1) тармақшасына өзгерту енгізілді - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

2)орта білімі жоқ жасөспірімдердің жұмыс немесе оқу орындарынан анықтама, толық мінездеме дайындасын, оларды мектептер бойынша бөлсін және олармен қосымша сабақ жүргізуді ұйымдастырсын.

11. Аудандық ішкі істер басқармасы С.М Күдебаев:

1) Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге 1992 наркологиялық диспансерлерде жасөспірімдер кабинетінде және сотталғандарға ішкі істер басқармасында бақылауда тұрған жастардың тізімін берсін.

Ескерту. 11-1) тармақшасына өзгерту енгізілді - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

2) Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге тіркеуге келмей жалтарып жүрген азаматтарды, іздестіріп тауып оларды жеткізу жүктелсін.

Ескерту. 11-2) тармақшасына өзгерту енгізілді - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

12. Қарасай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы М.Ә.Желеуов:

1) әскери оқу орындарында жақсы дайындықтан өткен жастар арасынан кандидаттарды таңдау жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

2) аудандық білім беру және спорт бөлімінің бірлесіп тізімдеу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастырып өткізілсін. Өткізілген іс-шаралар туралы 2009 жылдың 4 сәуіріне дейін аудан әкіміне хабарлама берсін.

13. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қалиев Еділ Әбуұлына жүктелсін.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Қарасай аудандық әкімінің 2009.03.04 N 3-5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

14. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Мұсаханов Ансар Тұрсынханұлы*

Аудан әкімінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы 1992 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге алу

және жастарды әскери қызметке
шақыруға дайындау туралы
N 12-29 шешіміне
1-қосымша

## Қарасай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне 1992 жылы туылған азаматтарды тіркеуге алу және 2009 жылы әскери қызметке шақыруға дайындау жұмыстарын жүргізу үшін қызметкерлерді бөлген ұйымдар, мекемелер

## ТІЗІМІ

Керімбеков атындағы орта мектеп 1 адам
Әлімқұлов атындағы орта мектеп 1 адам
Сәтпаев атындағы орта мектеп 1 адам
Абай атындағы орта мектеп 1 адам
Ауданның жұмыспен қамту орталығы 5 адам

*Аудан әкімі аппаратының басшысы Айтжанов Қаныбек Құлжабайұлы*

Аудан әкімінің 2008 жылғы
22 желтоқсандағы 1992 жылы
туылған азаматтарды әскерге
шақыру учаскесіне тіркеуге алу
және жастарды әскери қызметке
шақыруға дайындау туралы
N 12-29 шешіміне
2-қосымша

## 1992 жылы туылған жасөспірімдерді шақыру учаскесіне тіркеуге алу комиссиясының жұмыс

## КЕСТЕСІ

| N | Ауыл-дық аумақтарды атауы | бар-лығы | Шақыру учаскесіне тіркеуге алу комиссиясының жу атқару мерзімі | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қаңтар, ақпан, наурыз | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | 14 | 15 | 16 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 16 | 17 | 18 | 19 | 2 |
| 1 | Қаскелен | 229 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | x | x | x | x | x | | | | |
| 2 | Елтай | 29 | | | | | | | | | | | | | | | | | x | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Іргелі | 56 | | | | | | | | | х | | | | | х | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | Үлкен – Алматы | 76 | | | | | х | | | | | | | | | | | х | | | | | | | | | | | |
| 5 | Каменка | 84 | | | | х | | | | | | | | | | х | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | Ақсай | 31 | | | | | | | | | | | | | | | х | | | | | | | | | | | | |
| 7 | Шамалған | 128 | | | х | | | х | | | | | х | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 8 | Жаңа-Шамалған | 207 | | | | | | | | | | х | | х | х | | | х | | х | | | | | | | | | |
| 9 | Ұмтыл | 70 | | х | | | | | | | | | | | | | | | х | | | | | | | | | | |
| 10 | Райымбек | 66 | | | | | | | х | | | | х | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 11 | Қарағайлы | 68 | | | | | | | | х | | | | | | | х | | | | | | | | | | | | |
| 12 | Бірінші май | 46 | х | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 13 | Жандосов | 42 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | х | | | | | | | | |
| | Барлығы | 1132 | 46 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 44 | 50 | 50 | 40 | 49 | 33 | 49 | 50 | 42 | 50 | 50 | 50 | 50 | 29 | | | |

*Аудан әкімі аппаратының басшысы* *Айтжанов Қаныбек Құлжабайұлы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК